

Кеңес беру

«Соқпау керек пе, соғу керек пе? Міне, сұрақ осы!»



Петропав

Құрметті ата-аналар!

Сіздердің балаларыңызды жақсы көретініңізге және оларға жақсылық тілейтініңізге күмән жоқ. Бірақ ата-ана болу – қуанышты, сонымен бірге ауыр әрі жауапты еңбек.

Бүгін біз балаларды жазалау қажет пе, қажет болса қалай және қашан жазалау керек, мақтаумен бүлдіруге бола ма, балаларды не үшін мақтау керек деген сұрақтарға жауап іздейміз. Баланы тәрбиелеу оңай емес. Балалар ата-аналарын жиі қиын жағдайға қояды, алайда әрқашан олармен адамдық қадір-қасиетін құрметтеп, физикалық жаза мен қорлау сөздерін қолданбай қарым-қатынас жасау маңызды.

Ұлыңызбен немесе қызыңызбен сөйлескен кезде өз сөзіңізге мән беріп көріңіз. Сіз жиі сын айтасыз ба, ескерту жасайсыз ба, қорқытасыз ба, лекция оқисыз ба, тергейсіз бе, мазақ етесіз бе немесе ұрысып, кінәлайсыз ба? Мұндай тәсілдер, ата-аналардың ниеті қанша жақсы болса да, баламен қарым-қатынасты бұзуға, байланыс пен түсіністікті әлсіретуге алып келеді. Егер достарыңызға үнемі мораль оқып, сынасаңыз, олардың да сізбен қарым-қатынасты үзетіні анық. Балаларға достарыңыз сияқты қарасаңыз, сіздің ара-қатынасыңыз жақсарады.

Қиындыққа тап болғанда немесе жайсыз жағдай туындағанда, сіз басқалардан не күтесіз? Жаңағы жайға ұқсас сезімдерді балалар да бастан кешеді. Баланың жанын түсініп, оны мұқият тыңдау өте маңызды. Егер ата-ана баласын тыңдай білмесе, ол басқа біреуден түсіністік іздей бастайды.

Баланың әрекеті ата-анасына қуаныш немесе реніш әкелуі мүмкін. Баласын мақтап немесе жай ғана күлімдеп қараған кезде, ата-аналар оның ісін мақұлдайтынын көрсетеді. Ал ренішті бейнесі арқылы балаға белгі береді. Жазалау мен марапаттау – бұл сезім мен даналықтың бірігуі, ал олардың дұрыс қолданысы баланың тәртібіне күшті әсер етеді.

Баланы жазалаудың қандай жолы дұрыс?

Баланы жазалаған кезде ата-ана мен бала арасындағы сенім мен сыйластыққа зиян келмеуі керек. Ең алдымен, баланың әрекетінің себебін түсініп, оның логикасын ұғынуға тырысыңыз. Жазалауды жұрт алдында жасамаңыз. Өңгімелесіңіз, түсіндіріңіз. Егер бір әрекетке жазаласаңыз, әрқашан бірдей қағиданы ұстаныңыз. Балаларға не істеуге болатынын және болмайтынын нақты түсіну маңызды.

Жазалаған соң бала ата-анасының оны бәрібір жақсы көретінін сезінуі керек. Жазадан кейін өткен жағдайды қайта-қайта есіне салмаңыз.

Мақтаудың маңызы

Мақтау мен жазалау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Артық мақтау баланың өзін тым жоғары бағалауына әкеледі. Баланы тәттілермен немесе ақшамен марапаттауды әдетке айналдыру дұрыс емес. Баланы марапаттау оның істеген ісінен кейін жүзеге асуы керек, алдын ала уәде берілмеуі қажет.

Қорытынды: Баланы тәрбиелеу – үлкен еңбек. Басты ереже – баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, оны шексіз жақсы көру. Осыны әрдайым есте сақтаңыз.